


***Жаңа түскен басылымдардың
виртуалды көрмесі***

№ 4, 2017

***Виртуальная выставка
новых поступлений
научных изданий***




Еуропа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы: Оқу құралы / Г.Ш. Жамбатырова, Қ.Е. Байзақова, А.Р. Әліпбаев және т.б.; Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 282 б.

Оқу құралында XVII-XIX ғасырлардағы Еуропа мен Американың алдыңғы қатарлы елдеріндегі капитализмнің даму үдерісі, осы елдердегі әлеуметтік-саяси өзгерістер, капитализмнің қалыптасуындағы әлемдік-тарихи үдерістің ажырамас құрамдас бөлігі - отаршылдықтың бекуі, буржуазиялық революциялар жан-жақты талқыланады. Жаңа тарихтың бірінші кезеңін қамтығандықтан халықаралық қатынастар жүйесінің вестфальдік және веналық кезеңдері қарастырылады.




Жұртбай Н.Т. Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары экологиялық мәселелер туралы: аймақтық аспектілер және аймақтық баспасөз: Монография / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 298 б.

Монографияда қазақ баспасөзіндегі экологиялық тақырыптың қалыптасуы мен даму жолы, тарихи кезеңдері, экологиялық қоғамдық қозғалыстар мен үкіметтік емес бейресми ұйымдар көтерген баспасөздегі жарияланымдардың қоғамға ықпалы, Тәуелсіз Қазақстан баспасөзіндегі экологиялық тақырыптың аймақтық ерекшеліктері мен аспектілері қарастырылған.




Мұхатова О. Қазақстан тарихының тарихнамасы: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 402 б.

Оқу құралында Қазақстанның ежелгі дәуірдегі және орта ғасырлардағы тарихының тарихнамасы нақты тарихнамалық деректер бойынша талданады. Орта-ғасырлық отандық тарихи ойдың дамуы және ғалымдардың еңбектері сипатталады. IX-XII ғасырлардағы Қазақстан тарихы бойынша араб және парсы зерттеулерінің мазмұны және маңызы анықталады. XIII-XVII ғасырлардағы Қазақстан тарихының тарихнамалық дәстүрлері қарастырылады.




Ақажанова А.Т. Заң психологиясы: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 366 б.

Оқу құралында заң психологиясы мен пенитенциарлық психологияның өзекті эсселелері - даму тарихы, негізгі қағидалар мен әдістер, заңгер мен психолог іс-әрекетіндегі танымдық үдерістер, эмоциялық күйлер мен сезімдердің психологиялық-құқықтық аспектілері, құқық қолдану іс-әрекетінің психологиялық жақтары, қылмыскердің және қылмыстық топтың психологиялық ерекшеліктері, нарықтық азаматтық құқық психологиясының қалыптасуы, кәмелетке толмағандардың қылмысқа бару себептері және олардың виктимділігі, бостандыққа қайта бейімдеу мен қайта әлеуметтендірудегі психологиялық бағдарлама, психологтың жабық мекемеде қолданатын әдістері мен әдістемелері қарастырылған.




Бегалиева А.К. Қазақстан тарихы: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 340 б.

Оқу құралы ҚР жоғары оқу орындарының жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің оралман және ақылы топ тындаушыларына, колледж және лицей оқушыларына арналған. Оқу құралында Қазақстан тарихы ежелгі заманнан бастап қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтиды. Сонымен қатар тындаушылардың өздігінен ізденуіне арналған сұрақтар мен реферат тақырыптары берілген.




Қозыбаев С., Қабылғазина К. Еуразия ақпарат құралдары: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 190 б.

Оқу құралында бұрынғы Кеңес үкіметі құрамындағы елдердің қазіргі БАҚ жағдайы қарастырылады. Еуразия аумағындағы жалпы ақпараттық кеңістігі мәселелеріне талдау жасалады.




Дауытбекова М.Қ., Исаева А.И. Қазақ халқындағы батырлық дәстүрлер: Оқу құралы / Жауапты ред. А.Б. Қалыш; Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 246 б.

Оқу құралында дәстүрлі қазақ қоғамындағы батыршылық институтының қалыптасуы мен оның негізгі қызметі тарихи тұрғыдан қарастырылған. Батырлардың жеке әлеуметтік топ ретінде институтциялануы мен оның саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық қызметінің сипаты талданып, дәстүрлі қазақ қоғамының рухани құндылықтар жүйесіндегі орны ашып көрсетілген.



Абикенова К.Е. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстанда тарих ғылымының қалыптасуы және дамуы: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 158 б.

Бұл оқу құралында Қазақстандағы XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы тарих ғылымының қалыптасуы және дамуы Телжан Шонанұлының еңбектері негізінде қарастырылады. Қайраткердің өскен ортасы мен ғылыми еңбектерінің негізінде XX ғасырдың бас кезіндегі тарихи ойдың дамуы мәселесі жан-жақты тұжырымдалады. Телжан Шонанұлының әмбебап ғалым ретіндегі ағартушылық және тарихи-этнографиялық жазушы, аудармашы қызметі туралы айтылады. Қайраткер еңбектеріндегі жаратылыстану және тіл мәселелері ашылады.




Қалабаева М.Қ., Рысқалиева Р.Ғ. Бейорганикалық заттар алу технологиясының зертханалық жұмыстары: Оқу-әдістемелік құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 194 б.

Бейорганикалық заттар алу технологиясының зертханалық жұмыстары тақырыпқа сәйкес теориялық кіріспеден және есеп шығару үлгілері мен тест тапсырмаларынан тұрады.




Нұрышева Г.Ж., Аташ Б.М. Ғылыми таным философиясы: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 428 б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқу үдерісіне ғылым қарқындап дамып отырған заман талабына сай енгізілген «Ғылыми таным философиясы» пәні бойынша дайындалған оқу құралында философия ғылымының және ғылыми таным философиясының негізгі мәселелері: көне дәуірден бастап қазіргі заманға дейінгі тарихи даму кезеңдері, адам, қоғам, табиғатты ғылыми танып-білудің ерекшеліктері, әдістері баяндалған.




Бексеитова Р.Т., Кожаметова У.К. Экологиялық картографиялау: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 190 б.

Экологиялық картографиялау оқу құралының міндеті - экология қағидалары мен экожүйе қалыптасуының негізгі заңдылықтары туралы білімді биосфераның кеңістіктегі құрылымына негізделген географиялық ой-өріспен біріктіру. Пәннің негізі бөлімдеріне экологиялық картографиялаудың теориялық негіздері, экологиялық ақпарат көздері, экологиялық картографиялау әдістемесі, экологиялық карталардың мазмұны мен құрастырылу әдістері, қолданбалы экологиялық картографиялау және экологиялық карталарды қолдану жатады. Оқу құралы теориялық материалдармен қоса практикалық міндеттерді орындау барысындағы өңдеулерді қамтыған.




Борбасова Қ.М. Эзотерикалық ілімдер: Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 124 б.

Оқу-әдістемелік құралы дінтанушы мамандарды даярлауда тарихта ерекше орын алған және қазіргі кезеңде де рухани мәдениеттің бір саласы ретінде өзектілігін жоғалтпаған эзотерикалық ілімдердің негізгі тақырыптарына арналған. Студенттер діни сананың, жалпы адам дүниетанымы қалыптасуының ерекшелігін осы ілімдерді оқып, олардың тәжірибесімен танысу арқылы дінтану саласында терең зерттеуге бағыт-бағдар алады. Оқу-әдістемелік құралында эзотеризмнің тарихы, оның негізгі мәселелері және эзотерик тұлғалар туралы қысқаша мәліметтер беріледі.




Тургунбаев Е.М. Шежіре-тарихи-этнографиялық дерек: Оқу құралы / Жауапты ред.: А.Б. Қалыш; Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 234 б.

Оқу құралында шежіре мәліметтерінің тарихи-этнографиялық дерек көзі ретіндегі сипатына талдау жасалып, осы мәселеге қатысты негізгі тұжырымдар қарастырылады. Еуразияның көшпелі халықтарындағы шежіре дәстүрінің қалыптасу ерекшеліктері, ежелгі ру-тайпалардың халықтардың қалыптасуындағы рөлдері, қазақ қоғамындағы тарихи сананың шежіре аясында дамуы көрсетіледі. Қазақстан аумағындағы ру-тайпалар, олардың қазақ халқының қалыптасуындағы маңыздары, қазақ халқында сақталған шежірелік деректер, ауызша тарих мәліметтері, олардың қазақ генеалогиясының құрылымымен байланыстары, қазақ халқының ру-тайпалық құрылымы, генеалогиялық зерттеулерде компьютерлік программалардың қолданылуы сияқты іргелі мәселелерге қатысты бағдарламалық бағыттар, дәріс тезистері беріледі.




Уалиев Г., Өміржанова Ж.М. Тербелмелі жүйелер теориясы: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 192 б.

Оқу құралында тербелмелі жүйелер теориясына қысқаша теориялық мағлұмат берілген. Пәнді меңгеруде студенттердің және магистранттардың өзіндік жұмыстарын орындауда көмекші құрал бола алады.




Сұлтанбаева Г.С., Әлімжанова А.Б. Мультимедиялық журналистика: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 126 б.

Оқу құралы студенттерді желілік журналистиканың ерекшелік сипаттарымен, интернеттің пайда болу және дамуымен, желіні пайдаланып жұмыс істеу әдістерімен, веб-парақшаларын әзірлеудің шығармашылық үдерісімен, сайттарды басқару жүйесімен таныстырады. Желілік журналистиканың жанрлары мен пішіндерін меңгеруге, интернет журналистиканың қазіргі теориялық мәселелерімен танысуға мүмкіндік береді.




Мәдениаралық қарым-қатынас. Қазақша-орысша терминдер оқу сөздігі / Құраст.: Г.Б. Мәдиева, Ж.Р. Сейтметова, М.Қ. Мәмбетова, Д.Б. Мадиева; Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 84 б.

Бұл сөздік мәдениаралық қарым-қатынас бойынша студенттер, магистранттар, Ph.D докторанттарына және мәдениаралық қарым-қатынас мәселелеріне қызығушылық танытушы барша қауымға арналып кредиттік оқыту технологиясына сәйкес дайындалған қазақ және орыс тілдерінде бекітілді. Сөздікте әртүрлі мәдениет иелерінің коммуникация мәселелерін зерттеу, оқыту және сипаттау мақсатында қолданылатын негізгі терминдер мен ұғымдар берілген.




Сүлейменов П.М. Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасы: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 286 б.

Бұл оқу құралында әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасының арасындағы тарихи-философиялық, мәдени байланыстары зерделенген. Сонымен қатар ұлы дала өркениетінің данышпан ойшылдарының саяси-әлеуметтік көзқарастары мен философиялық ой-тұжырымдары жан-жақты қарастырылған. Оқу құралын қалыптастыру барысында қазақтың әлеуметтік-философиялық ойының тарихта сан қырлы сипатта көріну формалары ескеріліп, сараптаудан өткізілді. Кейбір бөлімдер тарихи тұлғалардың дараланған дүниетанымындағы ерекшеліктерін ашып көрсетуге арналса, біршама бөлімдерде қазақ халқының рухани әлеміндегі айрықша белгілерге философиялық сипаттамалар беріледі.



Түрік тілі: Тест жинақтары / ҚазМҚПУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 120 б.

Тест жинағында Түрік тілі (А1, А2 және В1, В2 деңгейлері) курсының бағдарламасына негізделген лексикалық және грамматикалық материалдарды қамтитын 550 тест тапсырмалары жауаптарымен бірге қамтылған.




Пилтан Ю. (Жүсіп Кедей Бөкенұлы) Ләйлі-Мәжнүн : Аударма еңбек / Парсы тілінен ауд. ж/е жауапты ред. Юсуф Пилтан (Жүсіп Кедей Бөкенұлы); Ред. Әбікенова Б.Ә. – Алматы: Принт Экспресс, 2016. – 68 б.

«Ләйлі-Мәжнүн» - Шығыс халықтары арасына кең тараған ғашықтық дастан. Дастанға VII-VIII ғасырлар аралығында өмір сүрген араб ақыны Каис ибн Муадтың махаббаты арқау болған. «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын бір жүйеге түсіріп, алғаш біртұтас поэмаға айналдырған Низами Гәнжәуи. Низами Гәнжәуидің бұл поэзиялық туындысын Каве Гауһарин прозаға айналдырған. Каве Гауһариннің аталмыш прозалық еңбегін әдебиет зерттеуші Ю.Пилтан қазақ тіліне тәржімалады.




Пилтан Ю. (Жүсіп Кедей Бөкенұлы) Шахнама: Аударма еңбек / Парсы тілінен ауд. ж/е жауапты ред. Юсуф Пилтан (Жүсіп Кедей Бөкенұлы); Ред. Әбікенова Б.Ә. – Алматы: Принт Экспресс, 2016. – 158 б.

Аударма мәселесі әлемдік мәдениет пен әдебиетті байланыстыратын, сабақтастыратын руханият құндылығы. Аталмыш аударма еңбекте автор әлем әдебиетінің озық үлгісі, парсы әдебиетінің жауһары «Шахнама» эпосын қазақ тіліне тәржімалаған. Аталмыш аударма еңбек француздық лингвист, ориенталист шығыстанушы ғалым Жуль фон Моль варианты бойынша тәржімаланған. Автордың тағы бір ерекшелігі парсы тілі мен әдебиетін, тарихы мен мәдениетін өте жетік білетіндігінде. Ю.Пилтанның бұл еңбегі қазақ-иран әдеби-мәдени үрдістің сабақтастығына дәнекер бола алатын аса қажетті еңбектердің бірі болып саналады.




Исаева А.И. Тарихи өлкетану: Оқу құралы / Жауапты ред. А.Б. Қалыш. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 246 б.

Оқу құралында тарихи өлкетанудың пән ретіндегі мазмұны, қалыптасуы мен дамуы, бүгінгі жағдайы, қазақтың ұлттық тарихын зерттеудегі орны баяндалған. Сондай-ақ тарихи өлкетану пәнінен оқуға қажетті әдебиеттер тізімі, негізгі термин сөздерінің түсініктері, реферат тақырыптары, студенттердің біліктілігін тексеруге арналған тест тапсырмалары берілген.



Медуханова Л.Ә. Әлемдік экономика: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 186 б.

Ұсынылып отырған оқу құралы әлемдік экономиканың ерекшеліктері, құрылымы, қалыптасу тарихы мен қазіргі даму тенденциялары туралы білімге негізделген. Шаруашылық үдерістердің жаһандануы жағдайында елдердің басым бөлігінің экономикалары әлемдік шаруашылық үдерістерге тартыла отырып, осы үдерістерде орын алып жатқан өзгерістерге байланысты әлемдік экономиканың құрылымын, ресурстық потенциалын, оның негізгі субъектілерінің, әртүрлі елдер топтарының орны мен рөлін білу айрықша өзектілікке ие болады.




Әдіраман Ө. Қоқанның соңғы ханы қыпшақ Әлімқұл Хасанби Әмірлешкер. – Бишкек, 2016. – 288 б.

Тарихшы, этнолог, ҚР Журналистер одағының мүшесі Өтеген Әдіраманның «Қоқанның соңғы ханы қыпшақ Әлімқұл Әмірлешкер» атты тарихи жинағында Қазақстанның оңтүстік аймағын мекендеген тұрғындардың Қоқан хандығы тарапынан 55 жыл бойы ауыр езгіні бастарынан кешуі жайлы баяндалады.




Оразбекова Л.Н. Экономикадағы математикалық талдау: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 228 б.

Оқу құралы жоғары математиканың дифференциалдық және интегралдық есептеулер, дифференциалдық теңдеулер және қатарлар теориясын қамтиды және Экономика, Қаржы және басқа да экономикалық мамандықтарға арналған бағдарламаға сәйкес жазылған. Материал үш кредиттік оқу көлеміне ықшамдалып, дәрістік материалдар, сәйкес аудиториялық практикалық есептер және жеке тапсырмалар түрінде берілген.




Қалиев А.Қ. Қазіргі түрік тілінің лексикологиясы: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 238 б.

Оқу құралында қазіргі түрік тілі лексикологиясы және оның семасиология, фразеология, этимология сияқты тарауларының зерттеу нысандары мен қазіргі қазақ тілі лексикологиясының байланысы нақты мысалдар арқылы тиянақталып талданады.




Қожалымов З. Ширек ғасырлық киелі қауымдастық = Четвертьвековая святость Ассоциация: Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған тарихи сурет альбомы. – Алматы: Шалкөде, 2016. – 569 б.

Ғұмыры ширек ғасырға толған «Қазақстан халық емшілері қауымдастығы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің тарихынан мәліметтер беретін тарихи кітап-альбомның авторы еліміз бен шетелдерге де танымал мәдениеттанушы-ғалым, осы қауымдастықтың тұңғыш құрушы әрі президенті халық медицинасы саласының профессоры, Академик Зядан қажы Қожалымов. Бұл еңбекте 25 жылдық қауымдастықтың тарихынан, халық медицинасының өркендеуі мен ғылыми жетістіктерінен, шипагерліктің қажеттілігі, XV ғасырдағы қазақтың ғалым шипагері Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты еңбегінің психологиялық, философиялық, тарихи этнографиялық құндылығы жөнінде, сұхбаттардың және ұжымның мүшелерінің суреттері т.б. мәліметтер ғылыми-танымдық талдау негізінде баяндалады.




Жұманова Л.К., Ковалева И.М. Регрессиялық талдау: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 84 б.

Бұл оқу құралы регрессиялық талдау негіздерінің қысқаша түсініктемесі болып табылады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінде оқитын элективті курс негізінде құрастырылған. Оқу құралы теориялық материалдан, өз бетімен шешуге арналған жаттығулардан және зертханалық жұмыстарды орындау үшін қажетті тапсырмалар жиынтығынан тұрады.




Қанаев Ә.Т., Қанаева З.Қ. Пайдалы өсімдіктер және оларды дайындау биотехнологиясы: Анықтамалық / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 260 б.

Анықтамалықта дәрілік өсімдіктер туралы мәліметтер беріліп, оларды жинау, дайындау және халық медицинасында емдеу мен алдын алу шаралары ретінде пайдалану тәсілдері қарастырылған.




Кайырманова Г.К. Микроорганизмдердің иммобилизденген клеткалары: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 130 б.

Оқу құралында иммобилизденген микроорганизмдер клеткалар негізінде иммобилизденген биокатализаторлардың мүмкіндіктерімен жан-жақты таныстыру, зертханалық жағдайда түрлі әдістермен иммобилизденген микроб клеткаларын алу және олардың физиологиялық жағдайын бақылау тәсілдерін игеруге мүмкіндік берілді.




Абдырақын Н. Қытай-қазақ тіліндегі бастауыш-баяндауыштық сөйлемді салғастыра зерттеу: Монография / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 334 б.

«Қытай-қазақ тіліндегі бастауыш-баяндауыштық сөйлемді салғастыра зерттеу» атты монографиясында қытай-қазақ тіліндегі бастауыш-баяндауыштық сөйлем құрлымының жан-жақтылы салғастыра зерттеуге арналады. Ғылыми еңбекте қытай-қазақ тіліндегі жай сөйлем құрлымының ерекшеліктерін, екі тілдің бастауыш-баяндауыштық сөйлемдерінің түрлерін және оның ерекшелігін салғастыра зерттеу негізге алынған.




Абдраев Н.К. Қытай және қазақ тілдеріндегі табу мен эвфемизмдерді салғастырмалы зерттеу: Монография / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 146 б.

Кітапта қытай және қазақ тілдеріндегі табу мен эвфемизмдердің түрлері, ерекшеліктері, екі халықтың өміріндегі тарихи-мәдени көріністері салғастыра талданады. Еңбекте табу мен эвфемизмдердің пайда болуы, олардың қолданыстағы қызметтері мен екі тілдегі ұқсастықтары қарастырылған.




Қысқаша корейше-қазақша-ағылшынша-орысша тілдескіш / Құраст.: Ю.П. Тен, У.А. Амирбекова; Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 124 б.

Тілдескіштің корей мәтінінде 2000 жылы Корей тілінің ұлттық академиясымен қабылданған фонетикалық транскрипция қолданылады. Фонетикалық транскрипция латын әріптерімен берілген. Корей жазуын романизациялаудың жаңа жүйесінің ыңғайлылығы сол, онда Халықаралық фонетикалық ассоциациямен қабылданған транскрипциядағы таңбалар мен диакритикалық белгілер қолданылмайды.



Сапақова С.З. Компьютерлік жүйелер архитектурасы және операциялық жүйелер: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті , 2016. – 278 б.

Оқу құралында операциялық жүйелердің, орталардың және қабықшалардың басты функциялары мен анықтамалары, архитектураларының түрлері, олардың құрылымдық компоненттері мен есептеу жүйесінің тиімділік критерийлері келтірілген. Процестер мен ағымдарды жоспарлау және жадыны үлестіру алгоритмдерін таңдау, синхронизациялау құралдарын, жадыны виртуализациялау және мәліметтерді кештеудің ОЖ өнімділігіне әсері, файлдық жүйелерді басқару ерекшелігі сипатталған.




Білім туралы. Қазақстан Республикасының заңы 2007 жылғы шілденің 27-сі. №319-III Білім туралы: (2016.09.04 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). – Алматы: ТОО LEM, 2016. – 88 б.




Омарова Қ.И. Коллоидтық химия: Оқу құралы / Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 196 б.

Оқу құралы денелердің дисперстік күйі, олардың коллоидтық күйдегі қасиеттерінің ерекшеліктері: гетерогенділік, фазааралық шекарада «ерекше» молекулалардың болуы, тұрақсыздық және өзгешелігі жайында оқудың классикалық және заманауи негіздерімен таныстырады.




Компьютерлік графика бойынша практикум / Ф.И. Ким, Р.Т. Сахыбаев, Р.К. Нусіпәли және т.б.; ҚР БҒМ; М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік ун-ті. – Тараз: Тараз ун-ті, 2016. – 139 б.

Компьютерлік графика бойынша практикум М.Х. Дулати атындағы ТарМУ-де "Компьютерлік графика" және "Инженерлік график-2" пәндерін оқыту әдістемесінің негізінде құрылған. Практикумде сызуға орындауға, рәсімдеуге, өзгертуге (редакторлеуге) арналған құралдарды және оларды тиімді меңгеруге арналған әртүрлі мысалдар, жаттығыулар және жеке тапсырмалармен қамтамасыз етілген.




Тлебаев М.Б., Тажиева Р.Н. Графикалық қосымшаларды бағдарламалау: Оқу құралы / ҚР БҒМ; М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік ун-ті. – Тараз: Тараз ун-ті, 2016. – 155 б.

Оқу құралында графикалық қосымша ретінде үшөлшемді компьютерлік графикамен жұмыс істейтін графикалық конвейердің жұмысы толықтай көркемделген. OpenGL графикалық кітапханасы бейнеленген және оның басқа да бағдарламалау тілдерімен интеграциялану ерекшеліктері жазылған. Үшөлшемді бағдарламалау технологияларын меңгеруге қажетті зертханалық тәжірибелер көрсетілген.




Тұнғатарова А.Т. Алгоритмдер және мәліметтер құрылымы: Оқу құралы / ҚР БҒМ; М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік ун-ті. – Тараз: Тараз ун-ті, 2016. – 140 б.

Оқу құралы информатика мамандығы студенттеріне "Алгоритмдер және деректер құрылымы" пәнінен теориялық материалды оқуға және зертханалық жұмыстарды орындауға арналған. Оқу құралында алгоритмдеудің негізгі тусініктері, алгоритм қасиеттері, оларды құрудың жалпы принциптері және негізгі алгоритмдік құрылымдары көрсетілген.




Сембина Г.К. Деректерді өңдеудің таратылған жүйелерін жобалау: Оқу құралы / ҚР БҒМ; М.Х.Дулати атынд. Тараз мемлекеттік ун-ті. – Тараз: Тараз ун-ті, 2016. – 111 б.

Оқу құралында таратылған жүйелерді құру технологиялары олардың атқаратын қызметтері сипатталады. Клиенттік және серверлік бағдарламаларды құру инструменталдық құралдардың жұмысы талданады, MySQL деректер қорын басқару жүйесі арқылы деректер қорын құру, PHP-серверлі бағдарламалар құру тілінің сценарийлері көмегімен деректер қорына қатынау мысалдарымен, студенттердің білімін бақылау тест сұрақтармен жабдықталған.




Дусембаева Ш.Е., Ахметжанова Ш.Е. AVR микроконтроллерін ассемблер тілінде бағдарламалау: Оқу құралы / ҚР БҒМ, М.Х. Дулати атынд. Тараз мемлекеттік ун-ті. – Тараз: Тараз ун-ті, 2016. – 131 б.

Оқу құралы зертханалық практикум түрінде ұсынылған. Практикумда келтірілген жұмыстар AVR Studio ортасында Atmega8535 микроконтроллерін ассемблерде бағдарламалауға негізделген.




Абдимомынова М.М. Жүйелік программалау: Оқу құралы /ҚР БҒМ; М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік ун-ті . – Тараз: Тараз ун-ті, 2016. – 205 б.

Оқу құралы жүйелік программалық жабдықтаудың құрамын және жұмыс істеу принциптерін, компьютер құрылғыларын басқаруды, жүйелік программалардың жұмысының негізін, микропроцессор архитектурасын және регістрлік жады жұмысы мен қызметін қамтиды. Ассемблер тілінде құрылғылармен жұмыс істеу программаларын құрастырып, оны жүргізуге және негізгі программаны микропроцессор түсінігін программаға айналдыруға негізделген және жүйелік программалаудың теориялық және тәжірибелік зертханалық жұмыстары мен ішкі жүйеге арналған программалар талданып көрсетілген.




Жидекұлова Г.Е., Солтанаева С.Л., Бекмолдаева Қ.Б. Объектіге бағытталған программалау: Оқу құралы / ҚР БҒМ;Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік ун-ті. – Тараз: Тараз ун-ті, 2016. – 283 б.

Оқу құралында программалау процесінің объектіге бағытталған кезеңдері мен Delphi 7 ортасында программалау технологиялары көрсетілген, әр кезеңге мысалдар қарастырылып, олардың программалары құрылған және тараулар бойынша жаттығулар мен бақылау сұрақтары келтірілген.




Баешов Әбдуәлі Баешұлы: Биобиблиографиялық көрсеткіш / Бас ред.: М.Ж. Жұрынов; Жауапты ред.: Б.Э. Мырзабеков; ҚР БҒМ ҰҒА Д.В. Сокольский атынд. жанармай, катализ ж/е электрохимия ин-ты АҚ Ғылым Ордасы РМК ғылыми кітапханасы. – Алматы, 2016. – 360 б.

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы сериасының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым, техника және білім саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, химия ғылымдарының докторы, профессор Баешов, Әбдуәлі Баешұлына арналған, Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен еңбектерін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілген.




Қойгелдиев Мәмбет Құлжабайұлы: Биобиблиографиялық көрсеткіш / Жауапты ред.: Т.О. Омарбеков; ҚР БҒМ ҰҒА Абай атынд. ҚазҰПУ Ғылым ордасы РМК Ғылыми кітапханасы. – Алматы, 2016. – 123 б.

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы сериасының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мүше-корреспонденті, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Құлжабайұлы Қойгелдиевке арналған. Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен еңбектерін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілген.




Академик Ө.Айтбайұлы және мемлекеттік тіл мәселелері: Халықаралық ғылыми-теориялық конф. материалдары / Құраст.: С. Құлманов; ҚР БҒМ, ҚР ҰҒА, Қоғамдық және гуманитарлық ғылым. бөлімшесі, Халықаралық Тюрксой ұйымы, Халықаралық қазақ тілі қоғамы, А. Байтұрсынұлы атынд. тіл білімі ин-ты. – Алматы: Тіл білімі институты, 2016. – 440 б.

Жинаққа көрнекті тілші, терминтанушы ғалым, Халықаралық "Қазақ тілі" қоғамының президенті, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, "Құрмет", "Парасат" ордендерінің иегері Ө. Айтбайұлының 80 жасқа толу мерейтойына орай өткізілген "Ө. Айтбайұлы және мемлекеттік тіл мәселелері" атты халықаралық ғылыми - теориялық конференция материалдары еніп отыр.




Ахметов К.Ғ. Кіші жүз Алаша руының шежіресі / Құраст.: М.Ғ. Ахметов, Ә.Ә. Ахметов, С.Ғ. Рахметжанов. – Алматы: Арыс , 2016. – 352 б.

Шежіре - халықтың қасиетті тарихы, атадан балаға қалған асыл мұрасы, ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының қайнар көзі. Аталған кітап оқушы қауымды Кіші жүздегі Алаша руының шежіре тарихымен таныстырады.




Қазақ хандары: Танымдық жинақ / Құраст. Талас Омарбеков. – Алматы: Айғаным, 2016. – 148 б.

Белгілі тарихшы-ғалым Талас Омарбековтің бұл жинағына қазақ хандары туралы зерттеулері мен баспасөз бетінде жарық көрген еңбектері енді. Автор еңбекті құрастыру барысында мейлінше нақты, құнды тарихи деректерге сүйенген.




Қазақ батырлары: Танымдық жинақ / Құраст. Серікқазы Қорабай. – Алматы: Айғаным, 2016. – 148 б.

Бұл жинақта туған жерімізді, бостандығымызды, азаттығымызды ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғаған белгілі батырларымыздың ерліктері баяндалады.



Алтаев Ж. Классическая исламская философия средневековья: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 396 с.


В учебном пособии рассмотрены основные понятия и проблемы исламской философии, историко-культурные предпосылки и становление классической исламской философии VIII - XIII века, ее связь с исламом и античным миром. Также уделено внимание философским идеям видных представителей классической исламской философии средневековья аль-Канди, аль-Фараби, ибн Сина, аль-Газали, ибн Рушда и др., проанализированы с философской точки зрения особенности рационализма в восточном перипатетизме, вклад исламской культуры в мировую цивилизацию и влияние классической исламской философии на восточную и западную философию.



Трудовой кодекс Республики Казахстан. Постатейный практический комментарий. Справочное пособие / под ред. Парамонова А.И. – Алматы: Капитал, 2016. – 307 с.


В справочном пособии представлены тексты Трудового кодекса Республики Казахстан, принятого 23 ноября 2015 № 414-V, на русском и казахском языках и постатейный комментарий к Трудовому Кодексу.

Во избежание возможного различного толкования постраничного практического комментария статей Трудового Кодекса при переводе на государственный язык, он представлен только на русском языке.



Шокаманов Ю.К., Бельгибаева К.К. Статистика: учебник для студентов высших учебных заведений. – Алматы: Экономика, 2016. – 536 с.


Учебник содержит статистическую методологию сбора, обработки и анализа статистических данных и состоит из двух частей. Первая часть, подготовленная д.э.н., профессором Ю.К. Шокамановым, посвящена теории статистики, в рамках которой рассматриваются общие принципы, приемы, методы сбора, обработки и анализа статистических данных, закономерности и тенденции развития массовых общественных явлений и процессов. Во второй части – социально-экономической статистике, написанной к.э.н., доцентом К.К. Бельгибаевой – рассматриваются важнейшие понятия и статистические показатели, характеризующие социально-экономические процессы, включая оценку основных факторов и уровня экономического развития страны, макроэкономические показатели по методологии исчисления системы национальных счетов ООМ 2008 г.



Сыроежкин К.Л. Охота на «тигров»: почему и как в Китае борются с коррупцией: монография. – Астана: КИСИ при Президенте РК, 2016. – 388 с.


Кампания «по борьбе с коррупцией и разложением» - основной политический тренд современного Китая. Именно она определяет специфику политических процессов в КНР и перспективы обновления Китая и китайской нации. Она же демонстрирует масштабность и остроту борьбы в среде китайского политического класса.

Почему эта кампания стала «визитной карточкой» руководителей «пятого поколения»? Как она проводится и каковы ее реальные масштабы? Какие результаты достигнуты в ходе кампании и как она повлияет на политическое будущее Китая? На эти и другие вопросы пытается ответить автор книги.



Бринев К.И. Справочник по судебной лингвистической экспертизе. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2016. – 200 с.

В настоящей книге отражены теоретические и методические основы проведения судебной лингвистической экспертизы, представлены примеры лингвистических экспертиз по различным категориям дел, описаны пределы компетенции лингвиста-эксперта.



Ахметова Ш.К. История развития педагогического образования в Казахстане (1985-2005 гг.): монография. – Алматы: Нур-Принт, 2016. – 167 с.


В работе впервые предпринята попытка комплексного анализа проблем развития педагогического образования Казахстана, начиная с периода начала демократизации общественной жизни. Исследование этой проблемы позволило определить ее основные теоретико-методологические аспекты, особенности развития педагогического образования Казахстана, формирования нового направления – этнопедагогике, а также выдвинуть ряд практических рекомендаций, реализация которых способствовала бы дальнейшему совершенствованию педагогической деятельности вузов республики.



Жуйриков К.К. Менеджмент и предпринимательство. Учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2016. – 280 с.


Рассмотрены основные вопросы по менеджменту и предпринимательской деятельности, становления экономической и финансовой деятельности предприятий малого и среднего бизнеса.

В учебном пособии также рассмотрены финансовые ресурсы формирования инвестиционного менеджмента, фондового рынка, вопросы налогов и налогообложения и др.




Усубалиева С.Д. Урбоэкология: учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2016. – 172 с.

В пособии представлены теоретические аспекты урбоэкологии, раскрываются причины, ведущие к возникновению экологических проблем городской среды, дана характеристика компонентам городской среды и указаны пути устойчивого развития городских поселений. Пособие содержит практические задания по различным аспектам экологической безопасности городской среды – почвенному покрову, воздушной и водной среде, шумовому загрязнению, проблеме утилизации отходов, а также вопросам устойчивого развития урбанизированных территорий.



Абсеитов Е.Т. Инженерная защита окружающей среды: Монография. – Алматы: Нур-Принт, 2016. – 569 с.

